

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Жарнаманы оқыңыз.



Жеңілдік
жасаймын,
асығыңыз!



ҮЙ
САТЫЛАДЫ

Күнгейде 6 бөлмелі үй сатылады. Үй қыста жылы, жазда салқын, жарық, ыңғайлы. Үйде 2 жуынатын бөлме, 2 дәретхана, асүй, 2 жатын бөлмесі, балалар бөлмесі, демалыс бөлмесі, жұмыс бөлмесі бар. Жалпы ауданы 328 шаршы метр. Үй екіқабатты. Интернет, жылу, газ қосылған. Үйге балабақша, мектеп, емхана, дүкен жақын. Тұрмыстық техника мен жиһаз қалады. Бағасы қымбат емес. Жеңілдік болады.

Бағасы 49 000 000 т

8 702 448 78 69

113



2. Мәтіннің көмегімен ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

+	-	Ақпарат
☐	☐	Күнгейде 6 бөлмелі үй сатылады..
☐	☐	Үйде 1 жуынатын бөлме, 2 дәретхана бар.
☐	☐	Жалпы ауданы 328 шаршы метр.
☐	☐	Үй үшқабатты.
☐	☐	Үйде интернет, газ, жылу бар.
☐	☐	Бағасы 48 миллион теңге.
☐	☐	Асүй ыңғайлы, әдемі, жарық.



3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Үй неше бөлмелі?

2. Жалпы ауданы қанша?

3. Үйде неше бөлме бар?

4. Үй жылы ма?

5. Бағасы қанша?

6. Үйдің жанында не бар?



4. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

- Қайырлы кеш! _____
бойынша хабарласып тұрмын.
- Кеш жарық, айта беріңіз.
- Үйдің нақты _____ қалай?
- Жансүгіров _____, 64-үй.
- Қыста үй жылы ма?
- Иә, жылы. Жазда салқын болады.
- Үйдің бірінші қабатында қандай бөлмелер бар?
- Бірінші қабатта _____,
_____, _____,
_____ бар.
- Ммм, түсінікті. Ал екінші қабатта
_____ бар ма?
- Иә, әрине бар.
- Қандай керемет! Маған ұнап тұр.
Қашан көруге болады?
- Ертең жұмыстан кейін келіңіз.
- Жақсы. Айтпақшы, менің атым – Айнұр.
- Ал менің атым – Нұрай.
- Келіңіз, жеңілдік жасаймын.



114



5. Оқыңыз. Қалай ойлайсыз, Айнұр қай үйді сатып алады?

Сейфуллин көшесінде үй ★

Үй 4 бөлмелі, жайсыз, үйде ит пен мысық бар. Қаланың шетінде орналасқан. Бағасы 14 миллион

Абай көшесінде пәтер ★★★

Үй 1 бөлмелі, жайлы, үй салқын. Қаланың шетінде орналасқан. Бағасы 12 миллион.

Абай көшесінде үй ★★

Екіқабатты үй, бөлмелері жарық, балконы жоқ, үй салқын. Қаланың сыртында орналасқан. Бағасы 17 миллион.

Жансүгіров көшесінде үй ★★★★★

Үй 6 бөлмелі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйде балкон бар. Бірінші қабатта асүй, жуыну бөлмесі, дәретхана, балалар бөлмесі бар. Қаланың орталығында орналасқан. Бағасы 32 миллион.



6. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- Қайырлы күн, Нұрай ханым!
- Қайырлы күн, Айнұр ханым!
- Мен үйді _____ . Маған қатты _____ .
- Сіз үшін _____ .
- Келісімшарт қашан _____ ?
- Ертең түстен кейін нотариуста _____ .
- Бағасы 49 миллион ғой, иә?! Түсіресіз бе?
- Әрине, жеңілдік _____ .
- ООо, жақсы, _____ !
- Ал, Айнұр ханым, қонысыңыз құтты болсын!
- Рақмет, сізге.





7. Бөлме атауларын жазыңыз.

Қонақ бөлмесі, асүй, балалар бөлмесі,
жатын бөлмесі, жұмыс бөлмесі,
дәретхана, жуыну бөлмесі,
демалатын бөлме, дәліз

